

«Қазақ ұлттық су
шаруашылығы және
иригация университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Некоммерческое
акционерное общество
«Казахский
национальный
университет водного
хозяйства и иригации»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 19 » 12 2025 ж.

№ 167-1

**Академиялық адалдық лигасының мониторингтік
комиссиясы ұсынымдарын іске асыру жөніндегі
жұмыс тобын құру туралы**

Академиялық адалдық саясатын жетілдіру, Академиялық адалдық лигасының мониторингтік комиссиясы ұсыныстарын іске асыру, білім беру процесінің ашықтығын арттыру, академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуының алдын алу және «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және иригация университеті» КЕАҚ академиялық адалдық қағидаттарын енгізу бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Академиялық адалдық лигасының мониторингтік комиссиясының іске асыру жөніндегі жұмыс тобы келесі құрамда құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы:

Мусабеков Максат Несіпжанұлы — Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың м.а.;

Жұмыс тобы төрағасының орынбасары:

Қасенов Асылбек Жұмабекұлы — Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

Жұмыс тобының мүшелері:

Телеуов Асхат Рыскелдіұлы — Комплаенс-офицер;

Бейсенова Райхан Рымбайқызы — Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректор;
Талжанов Еркебұлан Айтқазыұлы — Цифрлық офицер;
Кубеева Жанар Өмірбекқызы — Қаржы және инфрақұрылым жөніндегі проректор;
Чернявская Наталья Петровна — Тіркеу офисі;
Джабаилдаева Гульнар Тоқсанбайқызы — Кадр бөлімінің басшысы;
Байназаров Ұлан Айтжанұлы — Студенттік көшбасшылықты дамытуға жауапты;
Рыбалкина Надежда Владимировна — Кітапхана орталығының бас маманы;
Студенттік өзін-өзі басқару өкілдері — Келісім бойынша.

2. Жұмыс тобына мыналарды қамтамасыз ету тапсырылсын:

2.1. 2025–2027 жылдарға арналған академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі Жол картасы жобасын әзірлеу және бекітуге енгізу.

2.2. «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КЕАҚ-ның Академиялық адалдық кодексінің жеке жобасын дайындау.

2.3. Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізу, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар дайындау.

2.4. Академиялық адалдық мәселелеріне қатысты ішкі нормативтік құжаттар жобаларына құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуді ұйымдастыру.

2.5. Университеттің ресми сайтында реттеуші құжаттарды, ақпараттық материалдарды, профилактикалық шаралар туралы мәліметтерді және академиялық адалдық бұзушылықтарының жалпыланған статистикасын орналастыра отырып, «Академиялық адалдық» атты жеке бөлім құру жөнінде ұсыныстар дайындау.

2.6. Қызметкерлерді, профессор-оқытушылар құрамын және білім алушыларды академиялық адалдық мәселелері бойынша оқытуға қатысты, оның ішінде түсіндіру іс-шараларын, тренингтер мен консультациялар өткізуді қамтитын ұсыныстар әзірлеу.

2.7. Білім алушылар мен студенттік өзін-өзі басқару органдарын академиялық адалдық бұзушылықтарының алдын алу жұмыстарына тарту жөнінде ұсыныстар дайындау.


3. Жұмыс тобының төрағасына жұмыс тобы қызметінің жалпы үйлестірілуін, отырыстарды ұйымдастыруды, құрылымдық бөлімшелерден ұсыныстар жинауды және Академиялық адалдық лигасының Мониторингтік комиссиясы ұсынымдарын іске асыру барысы туралы қорытынды ақпарат дайындауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. Университеттің құрылымдық бөлімшелері басшылары жұмыс тобына қажетті қолдау көрсетсін, өз құзыреті шегінде сұратылған ақпарат пен ұсыныстарды ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: 2025 жылғы 17–19 қыркүйек аралығында жүргізілген «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КЕАҚ-ның Академиялық адалдық лигасы стандарттарына сәйкестігі мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша есеп.

Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.



А.Ж. Қасенов